


«Amanat» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы

**Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
24.03.2022 жылдан**

amanat


**«My Car Finance» қарыз алушыларын
ерікті кешенді сақтандыру ережелері**

Алматы қаласы, 2022 жыл

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -2шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------


Мазмұны

1.Жалпы ережелер.....	3
2.Сақтандыру нысандарының тізбесі.....	5
3.Сақтандыру сомаларын айқындау тәртібі.....	5
4.Сақтандыру жағдайларының тізбесі.....	5
5.Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу.....	5
6.Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.....	7
7.Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	8
8.Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	8
9. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының/пайда алушының іс-қимылы.....	10
10. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	10
11. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.....	11
12. Сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімі.....	14
13. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	14
14. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	14
15. Дауларды шешу тәртібі.....	15
16. Қосымша шарттар	15

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -3шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------

1. Жалпы ережелер

1. «My Car Finance» қарыз алушыларын ерікті кешенді сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережелерге сәйкес «Amanat» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен және еңбекке жарамды заңды тұлғалармен жазатайым оқиғалардан және ауырған жағдайлардан ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды.
3. Сақтанушының құқыққа қайшы мүлдіктік мүдделері сақтандыруға жатпайды.
4. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.
5. Осы Ереже жазатайым жағдайдан сақтандыру және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныбы шеңберінде ерікті түрде әзірленді.
6. Осы Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:
 - 1) мүгедектік – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі;
 - 2) жаракат-адам ағзасының тіндерінің сыртқы әсерден туындаған тұтастығы мен функцияларының бұзылуымен зақымдануы;
 - 3) жалпы еңбек ету қабілеті - адамның кез келген (біліктілікті қажет етпейтін) жұмысты орындау, қызметтер көрсету қабілеті;
 - 4) кәсіптік еңбек ету қабілеті - адамның нақты жағдайларда белгілі бір біліктілік деңгейдегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілеті;
 - 5) сақтанушы - сақтандырушымен сақтану шартын жасасқан адам;
 - 6) сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
 - 7) пайда алушы-осы Ережелердің шарттары бойынша Сақтандырылған тұлға пайда алушы болып танылады. Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда – сақтандырылушының заңды мұрагерлері;
 - 8) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті Сақтандыру шартында белгіленген ақша сомасы;
 - 9) сақтандыру жағдайы-Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 10) сақтандыру төлемі-сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 11) сақтандыру сомасы – Сақтандыру шартында белгіленген ақша сомасы, оның шегінде сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауға жауапты болады. Сақтандыру сомасы сақтандырушы жауапкершілігінің шегі болып табылады. Кез келген жағдайда әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің шекті мөлшері (жауапкершілік шегі) Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайды;
 - 12) сақтандыру аумағы – сақтандырлық қорғау шегінде қолданылатын аумақ;
 - 13) Франшиза - Шартта көзделген сақтандырушыны сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан көп болса, залалды

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -4шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------

толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі. Франшиза сақтандыру сомасына қатысты процент бойынша не абсолютті мөлшерде белгіленеді;

14) сақтандыруға өтініш – Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушы қол қойған, Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар мәліметтерді қамтитын жазбаша өтініш. Сақтандыруға өтініш электрондық нысанда, Сақтандыру шарты Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен жасалған жағдайда электрондық нысанда ресімделуі мүмкін;

15) Сақтандыру полисі – Сақтандырушы бір жақты тәртіппен әзірлеген, сақтанушыға осы Ережеге қосылу жолымен жасалған Сақтандыру шартының (қосылу шарты) сақтандырушы сақтанушыға ресімдеген нысаны. Осы жерде және бұдан әрі "Сақтандыру шарты" және "Сақтандыру полисі" ұғымдарының мәні барабар болып табылады;

16) медициналық қызметтер-амбулаториялық-емханалық көмек, зертханалық және аспаптық зерттеулер, шұғыл медициналық көрсетілімдер бойынша емдеуге жатқызу;

17) амбулаториялық-емханалық көмек-амбулатория, емхана жағдайларында кенеттен науқастану пайда болған кезде дәрігерлер көрсететін медициналық көмек;

18) зертханалық зерттеулер – ауруларды диагностикалауға арналған арнайы жабдықтар мен реактивтер көмегімен материалдарды (қан, зәр және т. б.) зерттеу;

19) аспаптық зерттеулер – арнайы медициналық жабдықты (рентген-аппаратты, УДЗ, ЭКГ, фиброгастроскопты, томографты қолдану және т. б.) қолданумен жүргізілетін диагностикалық зерттеулер;

20) емдеуге жатқызу (стационарлық емдеу) – шұғыл медициналық көрсетілімдер болған кезде бір немесе одан да көп тәулік бойы стационарда тәулік бойы болу;

21) шұғыл медициналық көрсетілімдер-Сақтандырылған адамның өміріне қауіп төндіретін, дереу және шұғыл медициналық көмекті қажет ететін кенеттен туындаған жай-күй немесе ауру;


22) covid-19 – бұл SARS CoV-2 коронавирусының жаңа штаммынан туындаған, аэрозоль тамшыларымен және контактілі-тұрмыстық тасымалдау механизмі бар жедел жұқпалы ауру.

23) инфаркт – жүрек бұлшықетінің бөлігінің некрозымен байланысты және қан айналымының бұзылуынан туындаған жедел миокард инфарктісі;

24) инсульт – мидың және жұлынның қан айналымының инфаркттан немесе мидың қан кетуінен туындаған тұрақты зақымдану белгілерінің дамуымен жедел бұзылуы.

2. Сақтандыру нысандарының тізбесі

7. Сақтандыру объектілері келесі 2 (екі) секцияға бөлінген:
8. Секция-1 (жазатайым оқиғадан сақтандыру) сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін Сақтанушының (Сақтандырылушының) жазатайым оқиғалар нәтижесінде қайтыс болуының, еңбек ету қабілетінен (жалпы немесе кәсіптік) айырылудың (толық немесе ішінара) басталуына байланысты, Сақтандырылушының және сақтандыру шартының

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -5шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------

қолданылу кезеңінде басталған мүгедектіктің белгіленуіне әкеп соққан мүліктік мүдделері болып табылады.

9. Секция-2 (ауырған жағдайда сақтандыру) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, соңғысының covid-19, инфаркт, инсульт нәтижесінде қайтыс болуының басталуына байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтандыру сомаларын, франшизаны айқындау тәртібі


10. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
11. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.
12. Қолданылатын Франшизаның түрі мен мөлшері сақтандыру шартында белгіленеді.

4. Сақтандыру жағдайларының тізбесі


13. Секция-1 бойынша сақтандыру жағдайы (жазатайым оқиғадан сақтандыру) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырылушымен болған және келесілерге әкелген жазатайым оқиға болып табылады:
 - 1) Сақтандырылушының қайтыс болуы;
 - 2) Сақтандырылушыға I топтағы мүгедектікті белгілеу;
 - 3) Сақтандырылушыға II топтағы мүгедектікті белгілеу.
14. Жазатайым жағдай деп сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде адамның еркіне қарамастан басталған кенеттен, қысқа мерзімді оқиға, атап айтқанда: жарылыс, күйік, үсік шалу, суға бату, электр тогының әсері, найзағайдың түсуі, күн сәулесінің соққысы, қаскүнемдердің және (немесе) жануарлардың шабуыл жасауы, жыландардың, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттың немесе сақтандырылушының өзінің құлауы, тыныс алу жолдарына бөгде дененің кездейсоқ түсуі салдарынан кенеттен тұншығу, улы өсімдіктермен, химиялық заттармен (өнеркәсіптік немесе тұрмыстық), дәрілік заттармен, сапасыз тамақ өнімдерімен кездейсоқ қатты улану, сондай-ақ көлік құралдарының қозғалысы кезінде немесе олар апатқа ұшыраған кезде, машиналарды, механизмдерді, қару-жаракты және әртүрлі құралдарды пайдалану кезінде алынған, Ережелердің 13-тармағында көрсетілген салдардың біреуіне немесе бірнешеуіне әкеп соққан жарақаттар. Сондай-ақ, Төтенше медициналық көрсеткіштер бойынша хирургиялық араласу жағдайында Ережелердің 13-тармағында көрсетілген оқиға жазатайым оқиға деп түсініледі.
15. Секция-2 бойынша сақтандыру жағдайы (ауырған жағдайда сақтандыру) Сақтандырылушының Covid-19, инфаркт немесе инсульт себебінен және/немесе салдарынан қайтыс болуы болып табылады.

5. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

16. Сақтандыру шарты жасалмайды, ал жасалған сақтандыру шарты ҚР АҚ 843-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша мынадай тұлғаларға қатысты жарамсыз деп танылады:
 - 1) 69 жасқа толғандар;

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -бшісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------


- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне жататын аурулардан зардап шегетіндерге;
 - 3) наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез және тері-венерологиялық бөлімшелерде есепте тұрған;
 - 4) I, II топтағы мүгедектер болып табылатын;
 - 5) бас бостандығынан айыруға сотталған / қамаққа алынғандар.
- 17.** Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың жалпы негіздерінен басқа, Сақтандырушы жауап бермейді және, егер сақтандыру жағдайы Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1)Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағының шегінен тыс жерде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 2)Сақтанушының, Сақтандырылушының, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйде болған және (немесе) организмнің психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды пайдаланған және қатты алкогольдік масаң күйде болған (егер қандағы алкоголь мөлшері 2,0 промилледен асқан жағдайда);
 - 3)саяси себептер бойынша Террористік актілерді және үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерін;
 - 4)өзін-өзінеқол жұмсау (өзін-өзіне қол жұмсау әрекеттері) немесе Сақтандырылушының қасақана дене жарақатын алуы;
 - 5)эпилептикалық немесе конвульсиялық ұстамалар және басқа да психикалық бұзылулар, сондай-ақ Сақтандырылушының кез келген кенеттен және (немесе) созылмалы аурулары;
 - 6)нәсілдік және жыныстық кемсітушілік, жала жабу, ар-намысын, абыройы мен іскерлік беделін бұзу, сондай-ақ сақтандырылушыны заңсыз ұстау салдары ретінде психикалық жарақаттар мен депрессияның, ақыл-ой және психикалық бұзылыстың, шок;
 - 7)Сақтандырылушының табиғи өлімі;
 - 8)сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына жоғары қауіп төндірумен байланысты кәсіби қатысушылар ретінде спорттық жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысуы, атап айтқанда дельтапланмен ұшу, парашютпен секіру, шаңғымен, сноубордпен, шанамен, тыйым салынған орындарда конькимен сырғанау, серіппелі құрылғыда (жіппен) секіру, альпинизммен және спелеологиямен айналысу;
 - 9)Сақтандырылушының автокөлік жарыстарына немесе жарыстарға жүргізуші немесе қатысушы ретінде қатысуы;
 - 10)Сақтандырылған мотоциклді басқару;
 - 11) Сақтандырылушының спорттың авиациялық түрлерімен шұғылдануы.
- 18.** Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз болуы мүмкін:
- 1)Сақтандыру шарты күшіне енбеген кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 2)Осы ережелерде көзделген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу;
 - 3)құзыретті органдардың сақтандыру жағдайы туралы қорытындысының болмауы;
 - 4)сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін сақтандыру шартында белгіленген мерзімде енгізбеуі;

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -7шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------

- 5)сақтанушының (сақтандырылушының) Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
- 6)сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы;
- 7)Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмауы нәтежиесінде сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) іс-әрекеті (әрекетсіздігі).
- 8)сақтанушы қылмыстық жауаптылыққа тартылған және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеген кезеңде, сондай-ақ сақтанушы тергеу және анықтау кезеңінде қамақта болған кезеңде сақтандыру жағдайының басталуы. Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты сақтанушыны бас бостандығынан айыру сәтінде өз қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатады.
- 19.** Жедел, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген түрлері (оның ішінде инфаркт, инсульт және аурудың дамуы нәтижесінде тұқым қуалайтын патологиядан немесе патологиядан туындаған органдардың басқа да кенеттен зақымдануы) жазатайым оқиғаларға жатпайды.
- 20.** Меламиннің ағзаға әсерінен болатын зардаптар жазатайым оқиғаларға жатпайды.
- 21.** Секция-2 қатысты covid-19 нәтижесінде қайтыс болуды қоспағанда, сақтандырылушының қайтыс болуының өзге себептері сақтандыру жағдайларына жатпайды.
- 22.** Сондай-ақ, шарт бойынша өтелмейді:
- 1) сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істерді жүргізуге арналған шығыстар (ксерокөшірмелерге, нотариалдық куәландыруға, сараптамаға, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығыстар және т. б.);
 - 2) Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының моральдық зияны және тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ Сақтандырушыға өтеуге ұсынылған моральдық зиян және тұрақсыздық айыбы;
 - 3) үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;
 - 4) Сақтанушының, Сақтандырылушының немесе Пайда алушының жіберіп алған пайдасы;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) салынған айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын және (немесе) өзге де әкімшілік жазалар мен санкцияларды өтеу жөніндегі шығыстар;
 - 6) Сақтандырылушыға жазатайым оқиға нәтижесінде мүгедектіктің III-тобын белгілеу;
 - 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

6. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

- 23.** Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің 8-шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------


24. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі күндермен, апталармен, айлармен, жылдармен есептелетін уақыт кезеңімен айқындалады.
25. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
26. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

7. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

27. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыруға Өтініш негізінде жасалады.
28. Қағаз нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыруға Өтінішке Сақтанушы қол қояды.
29. Электрондық нысанда жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыруға Өтініш сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы берген ақпараттың тізбесін білдіреді, бұл ретте сақтандыруға Өтінішке қол қою Сақтандырушы айқындаған тәсілмен жүзеге асырылады.
30. Сақтандыру шарты сақтанушының осы Ережеге қосылуы және сақтандырушының сақтандырушыға сақтандыру полисін қағаз және/немесе электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады. Сақтандыру полисі Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен сақтандыру шарты жасалған жағдайда электрондық нысанда ресімделеді.
31. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал шығындардың мөлшерін айқындау үшін елеулі мәні бар, өзіне белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
32. Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыруға берілген өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын және тәуекел дәрежесін сипаттайтын құжаттарды талап етуге құқылы.
33. Сақтандыру полисіне енгізілген талаптар мен мәліметтер өзгерген жағдайда, онда сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатады. Тараптар осы Ережелерде айқындалған тәртіппен және шарттарда Тараптардың өзара келісімі бойынша жаңа сақтандыру полисін ресімдей алады.
34. Егер Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

35. Сақтанушы құқылы:
 - 1) болған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда, осы Ережелерде белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;
 - 2) Сақтандыру полисі қағаз түрінде жоғалған жағдайда-оның телнұсқасын алу қажет;

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -9шісі</p>
---	---	--------------------------------------	-------------------------

3) осы Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарсы болу.

5) осы Ережелердің 38-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тәртіппен Ережелердің көшірмесін алу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

36. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеу;

2) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру объектісіне қатысты қолданылатын басқа сақтандыру шарттары туралы хабарлау;

3) сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау;

4) Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін, оған барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушы өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін барлық қажет мәліметтерді хабарлауға міндетті;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде заң бойынша немесе осы Ережелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылған мән-жай анықталса, Сақтандырушы жазбаша хабардар еткен кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Сақтандырушыға Пайда алушыға төленген сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға міндетті.

37. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтанушы хабарлаған ақпаратты тексеру;

2) сақтанушының Сақтандыру шартының талаптарын орындауын кез келген уақытта тексеруге құқылы, бұл ретте сақтанушы оған бұған кедергі жасауға құқылы емес;

3) Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын бұзғанын анықтаған жағдайда, Сақтандырушының сақтанушы үшін міндетті, оларды жою жөнінде жазбаша нұсқаулар беруге құқығы бар;

4) құзыретті органдардан сақтандыру жағдайы туралы барлық қажетті құжаттарды сұратуға;

5) сақтанушының қатысуымен және жәрдемдесуі шартымен сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде зардап шеккен сақтандырылушыны қарап-тексеруді не куәландыруды жүргізу;

6) егер сақтандыру жағдайы сақтандыру шартының талаптарын бұзу салдарынан, сондай-ақ осы Ережелерде көрсетілген негіздер бойынша орын алса, сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

7) егер құзыретті органдар Сақтанушыға/Сақтандырылушыға қарсы қылмыстық іс қозғаса және/немесе Сақтандырушының қауіпсіздік қызметі сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан мән – жайларға және оларға келтірілген залалдарға тергеп-тексеру аяқталғанға дейін тергеп-тексеру жүргізген жағдайда, Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыру;

8) осы Ережеде белгіленген тәртіпте және мерзімде сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы;

amanat	Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері	24.03.2022 жылдан «1»-басылым	15 беттің -10шісі
---------------	--	-------------------------------	-------------------

9) Сақтанушы Сақтандыру шартымен белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген жағдайда:

а) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеген күннен бастап сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алу құқығымен, оның ішінде сот тәртібімен бір жақты тәртіппен Сақтандыру шартын бұзуға немесе

б) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға енгізу мерзімі өткен Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлегенге дейін басталған болса, сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу жөніндегі мерзімі өткен берешекті өндіріп алу құқығымен, оның ішінде сот тәртібімен Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

38. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

2) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыру;

3) Сақтанушыға Ережелердің көшірмесін қағаз тасығышта ұсыну не болмаса Сақтанушыға Ережелердің электрондық (сканерленген) көшірмесін немесе Ережелердің жариялануына сілтемені Сақтандырушының интернет-ресурсында (Сақтанушының таңдауы бойынша) жіберу;

4) Сақтанушы/Сақтандырылушы Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, құжаттардың жетіспеу фактісі анықталған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге міндетті;

5) сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін, залалдың мөлшерін және сақтандыру төлемін алушының оны алу, жүзеге асыру немесе осы Ережеде белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту құқығын растайтын барлық қажетті құжаттар болған кезде.

9. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының/пайда алушының іс-қимылы


39. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы/Пайда алушы міндетті:

1) дереу, бірақ сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны кез келген қолжетімді тәсілмен хабардар етуге немесе 7310 нөміріне қоңырау шалуға (қоңырау шалу тегін). Ауызша нысандағы хабарлама кез келген жағдайда сол мерзімде жазбаша расталуға тиіс;

2) құзыретті органдарға дереу мәлімдеуге;

3) Сақтандырушының келтірілген зиянды өтеу міндеті туындаған оқиғаның себептері, барысы мен салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық қол жетімді ақпарат пен құжаттаманы ұсынуға міндетті.

40. Сақтандыру полисінде сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.


	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -11шісі</p>
---	---	--------------------------------------	--------------------------

10. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

- 41.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға құжаттарды ұсынуы тиіс:
- 1) болған оқиғаның қысқаша сипаттамасы бар жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандырылушының (пайда алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 3) уәкілетті мемлекеттік органдардың сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себебін анықтайтын құжаттарының көшірмелері;
 - 4) мүгедектік белгіленген жағдайда: мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі;
 - 5) сақтандырылушы жазатайым оқиғадан қайтыс болған жағдайда: қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
 - 6) сақтандырылушы covid-19 ауруының нәтижесінде қайтыс болған жағдайда, covid-19 диагнозы және расталуы, медициналық көмекке жүгінген кездегі сақтандырылушының денсаулық жағдайы, жүргізілген манипуляциялар және емдеу туралы мәліметтері бар медициналық құжаттардың көшірмелері (ауру тарихынан үзінді/науқастың амбулаториялық картасынан үзінді). Барлық медициналық құжаттарға дәрігер қол қойып, медициналық мекеменің мөрімен расталуы керек;
 - 7) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде қайтыс болу фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда – қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы, ал кейіннен-құқық қорғау органдарының немесе соттың қылмыстық ісін тоқтату туралы қаулы не соттың үкімі / шешімі;
- 42.** қажет болған жағдайда, егер Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларынан зиянның мөлшері мен дәрежесін бағалау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайына қатысты қосымша мәліметтер алу талап етілсе, сақтандырушы өзге құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру жағдайын хабарлаған сәттен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хат жібереді. Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға тараптардың еркінен тыс себептерге байланысты жақын арада құжаттарды ұсыну мүмкін еместігі туралы сақтандырушыға хабарлаған жағдайлар ерекше жағдайлар болып табылады.
- 43.** Сақтандыру төлемі Пайда алушының банк шотына ақшаны есепке жатқызу жолымен жүргізіледі. Сақтандырушының банктік шотынан ақша есептен шығарылған күн сақтандыру төлемінің күні болып есептеледі.

11. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

- 44.** Егер Сақтандырушы орын алған жазатайым оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған жағдайда, сақтандыру төлемі Пайда алушыға бір рет жүзеге асырылады: I топтағы мүгедектік белгіленген кезде-сақтандыру сомасының 80 (сексен) пайызы; II топтағы мүгедектік белгіленген кезде-сақтандыру сомасының 60 (алпыс) пайызы; қайтыс болған жағдайда – сақтандыру сомасының 100 (жүз) пайызы; Секция-2 қатысты қайтыс болған жағдайда – сақтандыру сомасының 100 (жүз) пайызы.

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -12шісі</p>
---	---	--------------------------------------	--------------------------

45. Шартта көзделген сақтандыру төлемін жүзеге асыруды сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Еңбек және басқа да осыған ұқсас келісімдерде белгіленген жәрдемақылардың, зейнетақылардың, өтемақылардың және төлемдердің барлық түрлеріне қарамастан сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне жүргізеді.

12. Сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімі


46. Сақтанушы және (немесе) сақтандырылушы және (немесе) пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушыны және (немесе) сақтандырылушыны жетіспейтін құжаттар туралы 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

13. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

47. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін, залалдың мөлшерін және егер сақтандыру шартында өзгеше мерзім белгіленбесе, алушының сақтандыру төлеміне құқығын растайтын қажетті құжаттардың соңғысы ұсынылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздерінен және сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату негіздерінен басқа, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) толық Сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, сол сияқты кез келген секция бойынша бірінші сақтандыру жағдайының басталуы;
 - 2) Сақтанушының Сақтандыру шартынан бас тартуы;
 - 3) Сақтандырушының талабы бойынша;
 - 4) Сақтанушы «Му Саг Finance» микроқаржылық ұйым» ЖШС-пен жасалған қарыз шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде өтеуі немесе осындай қарыздан бас тарту.
49. Бастамашы Тарап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы басқа Тарапты болжамды тоқтату күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті.
50. Сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру төлемі (Сақтандыру төлемдері) жүзеге асырылған, сол сияқты кез келген секция бойынша бірінші сақтандыру жағдайы басталған не Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда немесе Сақтанушы қарыз шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде өтеген және жазбаша растауы болған жағдайда Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.
51. Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы оған сақтандыру шарты қолданысының

	<p>Жазатайым оқиғалардан және covid-19-дан ауырған жағдайда ерікті сақтандыру ережелері</p>	<p>24.03.2022 жылдан «1»-басылым</p>	<p>15 беттің -13шісі</p>
---	---	--------------------------------------	--------------------------

аяқталмаған кезеңі үшін өзі төлеген сақтандыру сыйлықақыларын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% - ын құрайтын келтірілген шығыстарды шегере отырып, қайтарады. Сақтанушы «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-мен жасасқан қарыз шартынан бас тарту себебі бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқан сәттен бастап алғашқы өткен 14 (он төрт) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде оған төлеген сақтандыру сыйлықақыларын толық көлемде қайтарады

52. Егер Сақтандыру сыйлықақысы (Сақтандыру жарналары) төленбеген болса, Сақтандырушы сақтанушыға көрсетілген сомаларды, оның ішінде сот тәртібімен өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы.
53. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының Сақтандыру сыйлықақысын қайтару сомасын алуы (аудару, банктегі шоттан ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру немесе сақтандырушының кассасынан қолма-қол ақша алу және т.б.) оның қайтару сомасының мөлшерімен келісетіні туралы бекіту үшін жеткілікті негіз болып табылады және алынған сомаға қарсы болу үшін кез келген мүмкіндікті болдырмайды. Қайтару сомасының мөлшерімен келіспеген жағдайда Сақтанушы қайтару сомасын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сақтандырушыға жазбаша түрде жүгінуге тиіс, осы мерзім өткеннен кейін Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қайтару мөлшерімен келіседі деп есептеледі.

15. Дауларды шешу тәртібі

54. Сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

16. Қосымша шарттар

55. Тараптар жария етілуі Тараптардың біріне немесе олардың бірлескен қызметіне нұқсан келтіруі мүмкін қызметтік және коммерциялық ақпарат құпиясын немесе өзге де мәліметтерді үшінші тұлғаларға, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына бермеуге міндеттенеді.
56. Сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттердің басқа Тараптың келісімінсіз басқа тұлғаларға өтуіне жол берілмейді.
57. Осы Ережеде айтылмағанның бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
58. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер нәтижесінде Ережелердің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, онда олар күшін жояды және Ережелердегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Бұл ретте Ережелердің жекелеген тармақтарының күшін жоғалту тұтастай алғанда Ережелердің жоғалуына немесе жарамсыздығына әкеп соқпайды.